

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
БАЛҚАШ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ
№7 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ №7
ИМЕНИ САКЕНА СЕЙФУЛЛИНА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА БАЛХАШ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 01 қыркүйек

Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ 144

город Балхаш

Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік жүріс-тұрыстардың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

«Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу, олар құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жыл арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкімі 2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулысын, «Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік жүріс-тұрыстардың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қарағанды облысының басқармасының 2023 жылғы 28 тамыздағы №435 бұйрығын орындау мақсатына 2020-2023 жылдарға арналған Бала құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыс зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасындағы суицид мәселелерді шешу жөніндегі Жол картасын іске асыру аясында **БҰЙЫРАМЫ**

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қарағанды облысы басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Сәкен Сейфуллин атындағы мектеп-гимназиясы» КММ-де кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті және тәуелділік мінез-құлықтың алдын алу жөніндегі 2023-2023 жылына арналған іс-шаралар жоспары **бекітілсін.**

2. Мектеп-гимназиясының психологиялық қызметіне:

1) оқушылардың әлеуметтену динамикасының мониторингі **жүргізілсін.**

Жауапты: психологиялық қызмет

2) педагогикалық кеңестің күн тәртібіне Оқу-ағарту министрлігінің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерін (№61, №377 бұйрықтары) зерделеу енгізілсін. Мерзімі 2023 жылғы 1 қазанға дейін;

001500

Жауапты: мектеп-гимназиясының директордың Г.М Манатаева, педагог-псих Б.Е Балапанова, А.Н Егінбай

3) педагогтерге арналған оқыту семинарларын өткізу кестесі бек
Мерзімі: 2023 жылғы 6 қарашаға дейін;

Жауапты: ДТЖО Ш.Р Рахимбеков, Р.Е Мусабекова, педагог-психологтар
Б.Е.Балапанова, А.Н Егінбай

4) кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу және оқыту, олардың дене, психи адамгершілік және рухани дамуы үшін 6-8 сынып оқушыларының ата-анала жауапкершілігі мәселелері бойынша ата-аналар жиналысын ұйымдастырылсын.

Жауапты: ДТЖО Ш.Р Рахимбеков, Р.Е Мусабекова, педагог-психологтар
Б.Е. Балапанова, А.Н. Егінбай, әлеуметтік педагог А.А. Оралова, Э.Д. Габдулл

5) коммуникативті тренингтер мен психологиялық диагностика жүргізу 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарына психологтардың әрбір сыныпта жұмыс жүргізуі үшін «Психолог сағаты» 4-т емес сынып сағаттары бөлінсін.

Жауапты: ДТЖО Ш.Р Рахимбеков, Р.Е Мусабекова

6) педагог-психологтар 6-10 сынып оқушылары арасында стресске төзі пен эмпатияны дамыту бойынша коммуникативтік тренингтер өткізсін.

Мерзімі: 2024 жылғы 20 қаңтарға дейін;

Жауапты: педагог-психологтар Б.Е Балапанова, А.Н Егінбай

7) уақытылы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету және білім процесі кезінде олардың психоэмоционалдық жай-күйін бақылау мақсатында алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау бойынша с жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен жұмыс жүргізілсін.

Мерзімі: 2023 жылдың қыркүйек-қазан, одан әрі мониторинг жүргізу.

Жауапты: ДОЖО Р.Б Ерубаета

8) ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар білім беру ұйымын ауысты кезде, оның ішінде аутодеструктивті, бейәлеуметтік және тәуелділік мінез-құл бейім болса, психологиялық қызметтердің жұмысындағы сабақтастық қамтам етілсін.

Жауапты: психологиялық қызмет құрамы

9) педагог-психологтың қызметі үшін қажетті жағдайлар жасау, әлеуме психологиялық қызметтің жұмыс кестесіне сәйкес консультациялар мен тог тренингтер өткізу үшін кабинет анықталсын және ППМАЖ пайдалана оты психологиялық диагностика жүргізу үшін интернетке және компьютерлік сынь колжетімділікті қамтамасыз етілсін.

Жауапты: мектеп-гимназиясы директордың Г.М Манатаева

10) білім алушылардың аутодеструктивті және бейәлеуметтік мінез-құлқы алдын алу жөніндегі жұмыста:


- білім беру ұйымының директоры-жалпы басшылық және бақылау;

- директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары-жұмысты ұйымдасты және үйлестіру;

- педагог-психологтарға, әлеуметтік педагогке, сынып жетекшілерге және е де жауапты білім беру ұйымының қызметкерлеріне-бекітілген жұмыс жоспары сәйкес іс-шараларды өткізу жүктелсін.

11) Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Ш.Р.Рахимбеков, Р.Е Мусабековаға жүктелсін.

Директор



[Handwritten signature]

Г.М.Манатаева

Бұйрықпен таныстым: 2023 жылғы 01 қыркүйек

<i>[Signature]</i>	Р. Ерубасева
<i>[Signature]</i>	Ш.Рахимбеков
<i>[Signature]</i>	Р.Мусабекова
<i>[Signature]</i>	Б. Балапанова
<i>[Signature]</i>	А. Егінбай
<i>[Signature]</i>	А. Оралова
<i>[Signature]</i>	Э. Габдуллина

орын. Р. Мусабекова
тел.54099